



ҚАУЛЫ

*16 мамыр 2019*

Қарағанды қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ *25/13*  
город Караганда

**2019 жылғы жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 30 мамырдағы «2016-2019 жылдарға арналған жазғы каникул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» №37/08 қаулысын орындау үшін және 2019 жылғы жазғы каникул кезеңінде балалардың тұлғалық, әлеуметтік, дене бітімі жағынан және шығармашылық дамуы мен құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында Қарағанды қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қарағанды қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Г.Ш. Кожаметова) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етсін;

2) жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған, тұрмысы төмен және көп балалы отбасылар балаларының, мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың, жалпы білім беретін мектептердің үздік оқушыларының сауықтыру демалысын басым тәртіпте тегін қамтамасыз етсін;

3) жалпы білім беретін мектептердің, қосымша білім беру ұйымдарының жанындағы тамақтандыратын және тамақтандырмайтын күндізгі уақыттағы лагерьлерде балалардың бос уақытын ұйымдастырсын;

4) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес абаттандыру және көгалдандыру жас ақтарында балалардың жұмыспен қамтылуын жүзеге асырсын;